

# РАНОРАМА: ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ, I

Еуропа, Орталық Азия және Шығыс  
Азиядағы өзгерістер





## Кіріспе

Б.з.д. үшінші және екінші мыңжылдықтар шамасында Еуропаның климаты қазіргі кезге қарағанда жылырақ әрі жауын-шашыны да көбірек болған сияқты. Аймақтың толықтай дерлік бөлігін алғашқы егіншілер мен бақташылар қауымына біраз кедергілер келтірген қалың ормандар мен сұрықсыз батпақтар алып жатты.

Соған қарамастан, егіншілер соқаны игеріп, жайылым мен егістікке арналған ормандарды шаба бастағаннан кейін-ақ, қоныстардың саны еселене түсті. Қоныстың тарлық ете бастағанын сезген отбасылар өздерінің қойлары мен ірі қара малын алып, жаңа қоныс іздеп, Еуропаның алыста жатқан солтүстігі мен батысына қарай жылжыған. Эгей теңізі аймағына ұқсас әлеуметтік-экономикалық өзгерістер Еуропаның осы бөлігінде де орын ала бастайды.

Бұл жағдай өз кезегінде көсемдер мен жекеменшік иелерінің жоғарғы табының пайда болуына әкелді, сонымен қатар қоладан жасалған қару-жарақ пен қолөнер бұйымдары саудаға түседі, адамдар тығыздала қоныстанған орталықтар кеңінен таралады. Енді-енді өріс ала бастаған қалалардағы қабырғалар мен орлардың пайда болуы сауда-саттық заттар қоймасын немесе қолөнершілер шеберханасын қорғау қажеттілігі туындағанын аңғартады.

Еуропаның орманды алқаптарының тұрғындары да құлаш жайып келе жатқан Жерорта теңізі саудасының желісіне қосыла бастайды. Мысалы, көпестер Орталық Еуропада өндірілген мысты солтүстіктегі Скандинавиямен қатар оңтүстіктегі Эгей аймағына да саудалаған. Ішкері Еуропадан бастау алып, Қара теңізге құятын Дунай өзенінің алқабы алыс аймақтармен жүргізілетін сауданың ең жанданған орталығы болды дей аламыз.

Негізінде орманды Еуропаның б.з.д. үшінші және екінші мыңжылдықтағы тұрмыс-тіршілігі жайлы біз көбінесе шашырап жатқан керамика қалдықтарынан, металл бұйымдардан, жер қорғандар және басқа да жәдігерлерден білеміз. Материалдық деректердің ішіндегі бәрінен де таңдандыратыны – ірі тас плиталардан тұрғызылған мегалиттер. Бірнеше қабірлерді қамтыған қабірхана немесе кесек тастардан құралған шеңбер пішініндегі бұл құрылыстар Еуропаның Атлант мұхиты жағалауын бойлай орналасқан. Мегалиттер нақты бір рәсімдік мақсатпен тұрғызылғаны анық. Еуропада мегалиттерді тұрғызу б.з.д. төртінші мыңжылдықта басталып, б.з.д. екінші мыңжылдық ішінде аяқталады. Мегалит тас шеңберлерінің ең атақтысы – Оңтүстік Британиядағы Стоунхендж. Бұл құрылыс астрономиялық сағат ретінде б.з.д. 2400–2200 жылдар аралығында тұрғызылған, оның ірі тастары күн, ай және жұлдыздар қозғалысын белгілейтін көрсеткіштер қызметін атқарды.

## Франциядағы мегалиттер

Атлант мұхитының Бретань жағалауындағы Карнак қаласы маңында орналасқан мына мегалит ескерткіші бір-біріне параллель бірнеше қатар бойымен тігінен тұрғызылған тастардан құралған. Тастар саны шамамен үш мыңға жуық. Б.з.д. 4500–2000 жылдар аралығына жатқызылған Карнак ескерткіші ғұрыптық қызмет атқарғаны айдан анық. Алайда бұл жерде атқарылған рәсімдер бізге беймәлім.

Ғасырдан ғасырларға жалғасып, тарих беттерінде бұл шындықтың алыстай түсуіне байланысты, Стоунхендж орталықтарының иелері кім болғаны жайлы біз ешнәрсе айта алмаймыз. Мұндай кешенді тұрғызу қара күшті, ептілік мен ұйымдастыруды қажет етті, соған қарағанда, жоғарғы тапқа тиесілі адамдар жұмысты бағыттап отырған. Олар дін өкілдері болуы да мүмкін. Стоунхендж маңайынан жақында ғана табылған б.з.д. үшінші мыңжылдыққа тиесілі ауру-сырқау және жаралы адамдардың қаңқа қалдықтарына қарағанда, адамдар осы ескерткіш басына дерттеріне бір тылсым дауа іздеп келгендей көрінеді.

Испаниядан Британияның солтүстігіндегі Оркней аралдарына дейін орналасқан мегалит ескерткіштерінің әзірлеу әдістері мен сыртқы пішініндегі ұқсастықтарды байқамау мүмкін емес. Еуропаның Атлант мұхитымен шектесетін тұтас жағалау бойымен Ла Манш арқылы әрлі-берлі заттар мен білім алмасуы болды деген тұжырым бар. Алайда осы тұрғыдағы өзара алмасулар қоғамды жылдам күрделендірген жоқ. Ну ормандар, батпақтар және ауыр саз топырақ Солтүстік Еуропада өнімділікті аса жақсарта қоймады, сонымен қатар, халық санының артуына шектеу қойып отырды, бірақ, б.з.д. бірінші мыңжылдықтар шамасында жағдай өзгереді.



## Орталық Азиядағы Окс (Әмудария) өркениеті

Тарих қойнауына қарасақ, Үлкен шөлейт зонасы батыста – Каспий теңізінен, шығыста – Гималайдың қарлы шыңдарына дейінгі аралықты қамтыған аймақ болды. Бұл өлке ежелгі замандардан XIX ғасырға дейін сауда-саттық пен мәдениеттің дүниежүзіндегі ең басты орталықтарының бірі болды. Орталық Азия бұл географтардың шөл және жартылай шөлейт таулы қыраттарды шалғынды өзен алқаптары алмастырып жатқан аймаққа берген атауы. Осы аймақ кезінде Кеңес Одағының бір бөлігі болған төрт мемлекет территориясын (Қазақстан, Өзбекстан, Тәжікстан және Түркменстан) және Иран мен Ауғанстанның солтүстік жерлерін қамтиды. Топографиялық жағынан алғанда, Орталық Азия Ішкі Еуразия және Үндістаннан Жерорта теңізіне дейін созылған халқы тығыз орналасқан аграрлық жерлер арасындағы кедергісіз байланыс орнатуына жол ашқан табиғи дәліз іспетті.

Б.з.д. 2100 жылдар шамасында адамдар Орталық Азияның өзен алқаптарында, дәлірек айтсақ, грек географтары Окс деп атаған Әмудария бойында қоршалған қалалар тұрғыза бастайды. Екі көне аймақтың атымен байланысты ресми түрде Бактрия-Маргиана археологиялық кешені деген атаумен белгілі болған күрделі қоғамның материалдық деректеріне қарағанда, алыс оңтүстіктің қуаң таулы аймақта орналасқан қалаларынан осы жерге көшіп келген адамдар өте аз уақыт ішінде бірнеше қаланың негізін қалаған.

Окс қалаларының, соның ішінде қазіргі Түркменстанның толық қазылған Гонур ескерткіші тұрғындары кірпіштен қалың дуалдар соғып, әр бұрышқа асқақтап тұрған мұнара тұрғызған. Ірірек қалалардың билеуші тобы, патшалық бекіністер мен ғибадатханасы бар сарайлар құрылысын басқарған. Су тіршілік нәрі дегендей, ірі қалаларға мол су көзі керек. Ал өзен суы тұрғындарға каналдар арқылы Гонур қаласына жеткізіліп отырған. Алқапта шаруалар бидай мен арпа егіп, қой, ешкі, зебу сиыры мен Бактрия түйесін (қос өркешті түйе) баққан.

Ал енді көне қалаларды қазба жұмыстарының жәдігерлеріне қарап, мәдениетін анықтайды ғой, сол секілді Әмудария өркениеті де талай кереметтерге бай болған. Сәулет үлгілері, қыш ыдыстар мен мөрлер, піл сүйегінен жасалған тарақтар мен күміс бұйымдардан тұратын археологиялық деректерден қалаларға ортақ мәдени нақыштың болғанын, яғни қарқынды сауда мен әлеуметтік өзара алмасулар орын алғанын көреміз. Осы кездің өзінде жоғарғы тапқа жататын отбасылар арасында неке одақтарын құру әдеті қалыптаса бастаған дей аламыз. Жазу, сызу мәдениеті туралы әзірге нақты дерек жоқ. Себебі қыш мөрлердегі геометриялық белгілер белгілі бір ұғымды білдіретін таңбаға ұқсағанымен, жергілікті жазу жүйесінің болғанын дәлелдейтін басқа мәліметтер жоқ.

Кез келген өркениет дамуы саудамен тығыз байланыста өрбиді. Бір елді екінші елмен байланыстыратын сауда жолдары дамып, сан тарау бағытта жанданады. Орталық Азия оңтүстік пен батыстағы аграрлық қоғамдарды Ішкі Еуразиямен жалғаған көпір ретіндегі тарихи маңызға Окс қолөнершілері мен көпестерінің арқасында ие болғаны ешқандай дау тудырмайды. Иран жерінде, Парсы шығанағы бойындағы кемежайларда, Инд алқабында Окс алқабынан шыққан құмыра сынықтары, стеатит тостағандар және т.б. заттар табылды. Окс қолөнершілері Үнді мұхиты мен Жерорта теңізінен келген қабыршақтардан моншақтар жасады, сыртқы саудаға асыл тастар, күміс және алтын шығарды. Осылайша бір елдің төл мәдениетін айғақтайтын қолөнер туындылары мұхит асып, келесі елге сіңісіп кетіп жатты.

Қала тұрғызу бойынша да Әмудария өлкесі өз қолтаңбасын қалдырды. Окс алқабындағы қала тұрғызу дәстүрі небәрі бірнеше ғасырға ғана созылды. Б.з.д. 1800 жылдардан кейін аймақтағы басты қалалардың көлемі кішірейіп, екі жүз жыл ішінде тұрғындары қаланы тастап көшіп кетті. Қалалардың құлдырауы мен жойылуының себебі белгісіз. Жағдайды түсіндіре алатын себептердің бірі ретінде табиғи-экологиялық жағдайдың нашарлауы немесе қалалардың бір-бірімен соғыстарын қарастыруға болады. Қалалардың құлдырауы солтүстіктегі далалардан арбалы ат жетектеген, ат үстіндегі халықтың келу уақытымен тұспа-тұс келеді. Алайда оларды қала талқандаушылар ретінде немесе бейбіт қоныс аударғандар ретінде келді ме деген сұраққа оқулық авторлары нақты жауап бере алмайды.



## Шығыс Азиядағы күрделі қоғам

Шығыс және Оңтүстік-шығыс Азияның көп бөлігінде б.з.д. екінші мыңжылдықта ауыл шаруашылығы толығымен қалыптасты. Адамдардың көп бөлігі негізінен ауылды жерлерде қоныс тепкеніне қарамастан азық-түлік қоры молынан келген аймақтарда күндерін терімшілік, аңшылықпен көретін қауымдар сақталып қалды.

Мысалы, Жапонияда тұқымдардың, жаңғақтар мен теңіз өнімдерінің молдығы соншалық, олар егіншілік жайлы бұрыннан бері білсе де б.з.д. 1000 жылдарға дейін одан бас тартады. Ал Солтүстік Қытайдағы жағдай мүлдем керісінше, б.з.д. 7000 жылдар шамасында, 2-тарауда айтып өткеніміздей, ел халқы күріш пен тарыны еге бастаған Сары өзен алқабынан оңтүстікке қарай Янцзы өзені алқабына дейін созылып жатқан аймақта күрделі қоғамды қалыптастырды.

## Қытайдағы ерте қала орталықтары

Б.з.д. 2600 жылдардан бастап бірнеше жер тұрғындары ағаш қалыптар ішіне топырақты нығыздап үйген дуалдармен қоршалған қоныстар тұрғыза бастайды. Дуалдардың қалдықтарына, сондай-ақ, бағалы заттармен бірге жерленген ерекше мәртебеге ие адамдардың қабірлеріне қарағанда Солтүстік Қытайда басқаларды жұмылдырып, жұмыстарын бағыттап отыратын жоғарғы топ пайда бола бастаған.

Дәл осындай өзгерістер бірнеше ғасыр ертерек Тигр-Евфрат, Инд және Ніл алқаптарында орын алған еді. Жауынгерлер мен ғұрыптарды орындайтын маңызды адамдардан құралған артықшылыққа ие отбасылар ең жақсы алқаптар мен ең үлкен астық қоймаларын иемденіп, басқалардан салық жинап, қызметтерін пайдалана бастайды. Шығыс Азияда алғаш рет б.з.д. 2000 жылдарда пайда болған әсем қола тостағандар, қазандар, жануарлар мүсіндері, қанжарлар және найза ұштары өз елінде діни рәсімдер өткізу мен көршілеріне әскери жорықтар ұйымдастыруды қатар алып жүретін көсемнің керек-жарағын өтеген тәрізді.

Күрделі қоғамның негізгі белгілері б.д.д. үшінші мыңжылдықтың аяғына таман Хуанхэ-Янцзы аймағының бірнеше жерінде бірдей көрініс таба бастағанын археологиялық деректер көрсетті. Батыстағы ұлы үш өзен алқабында бұл құбылыс әлдеқайда ерте басталған болатын. Ең маңызды ескерткіштердің бірі – Хуанхэ өзенінің қазіргі арнасының оңтүстігіндегі жазықта орналасқан Эрлитоу қыстағы.

Б.з.д. 1900–1500 жылдар аралығында өркендеген Эрлитоу ескерткішінен археологтар күрделенген құрылыстар шоғырын ашып, оны сарайға ұқсатқан, бұл болжамның астарында қыстақ ежелгі Қытай мемлекетінің астанасы болды ма деген ой жатыр. Эрлитоудың тіршілігі қайнаған қала немесе жалпы ғұрыптық және саяси орталық болғаны белгісіз. Бірақ қаланы қазу барысында топырағы тапталған кең алаңдар, қола қорытатын орындар, тас төселген жолдар мен жабдықтары құнды заттардан тұрған қабірханалар табылған.

Археологтардың 1986 жылдан бері жалғасқан қазба жұмыстарының нәтижесінде Эрлитоудан оңтүстік-батысқа қарай 640 шақырым жерде, Қытайдың Сычуань провинциясында дуалмен қоршалған Саньсиньдуй қаласы табылады. Бұл қалада да б.з.д. екінші мыңжылдықта гүлденгенімен, мәдениет нақышы Эрлитоудан мүлдем өзгешеленеді. Қазылған екі шұңқырдан құрбандыққа шалынған жануарлардың сүйектерінен басқа қола, алтын, тас, нефрит заттар мен қоладан жасалған елу жеті адам басы, кейбіреулері бет-пердесімен табылған. Аймақтағы ірі орталықтардың шағынырақ қоныстарға мәдени және саяси ықпал еткенін қыш бұйымдар мен басқа да заттардың стилінен анық байқауға болады.

## Саньсиньдуйдан табылған қола мүсін

Қоладан құйылған бастар мен бет-перделер арасынан археологтар қабір шұңқырынан б.з.д. 1300–1100 жылдар шамасына жататын, салмағы алты фунттық қола мүсін табады. Өзіне еріксіз



назар аудартатын бұл мүсіннің тым үлкен қолдары бір затты қысып тұрған кейіпте, бәлкім бір кездері пілдің азу тісі осы мүсінді толықтырып тұрған болар.

Сауда-саттық, билеушілер арасындағы тарту-таралғылар, миграция, әдіс-тәсілдер мен стильдің бір орталықтан екіншісіне таралуы арқылы қалалардың араларында байланыс орнаған. Мысалы, көпестер кей кездері шеберханаларға жүздеген шақырым жерде өндірілген мыс, қалайы, алтын және нефрит тасымалдаған. Сөзімізді қорытындылайтын болсақ, Шығыс Азия алғашқы ірі мемлекет бой көтермей тұрып, Хуанхэ және Янцзы өзендері алқабы адамдардың бір-бірімен өзара байланыс орнататын белдеуге айналған.

## Шаң мемлекеті

Қытайдағы Шаң мемлекеті де осы кездегі аса маңызды өркениет негізін қалады. Тарихшылардың анықтауынша Шаң патшалар әулеті билік жүргізген алғашқы ірі мемлекет б.з.д. 1750–1045 жылдар аралығында өмір сүрген. Әскерилердің жоғарғы тобының қолдауына ие болған Шаң билеушілері Солтүстік Қытайдың басқа патшалықтары арасынан жергілікті әскери мемлекет ретінде көтерілген болуы керек. Араға ғасырлар салып бұл патшалар көршілеріне биліктерін мойындатқан.

Осы күнге дейін табылғандардың ішіндегі ең ірі Аньян ғұрыптық сипатқа ие патшалар қорымы Хуанхэ өзенінің төменгі ағысының Хуан сағасы бойымен бірнеше шақырымға дейін созыла шашырап жатыр. Шаң мемлекеті қазіргі Қытайдың тек кішкентай ғана бөлігін алып жатқанына қарамастан, заттай қалдықтары, ежелгі жазбалары және кейінгі ғасырларда жазылған жылнамалар оны Шығыс Азиядағы ең алғашқы империя деп тануға жеткілікті негіз бола алады.

Мемлекет қуатының шырқау шегі сай келген б.з.д. XIII–XI ғасырларда Аньянда қоныстанған Шаң патшалары нығыздалған топырақтан жасалған үлкен алаңда орналасқан жекежайларда тұрған. Патша мен оның әскерлері ресми түрде негізгі аймақтарды басқарып, одақтас патшалар мен көсемдерден үстем болған сияқты. Билеуші топ тіпті шалғай жатқан аймақтарға тұрақты түрде жорықтар да ұйымдастырып тұрған.

Мемлекеттің негізін әскери шептер құраған, патша тұрғындар мен соғыс тұтқындарынан мазарлар, сарайлар салуды талап еткен. Патшалықтың бірнеше астанасы да патшаның мәжбүрлеуімен салынуы мүмкін. Қытайдың XX ғасырына дейінгі тарихының негізгі белгісі болған орталықтанған басқару жүйесіне Шаң мемлекеті жол бастап берген. Патшалар қолаға негізделген көркем мәдениетке қолдау танытып, оның ықпалы Солтүстік Қытайдың басым бөлігіне жайылды. Месопотамия мен Мысырға қарағанда Шаң мемлекетінде, бізге белгілі болғандай алып монументтер тұрғызылмаған, бірақ басты қалаларда ғажап қолөнер, әсіресе, қоладан бұйымдар жасау шеберлігі дамыды.

Археологтар Аньян қаласынан өте бай жабдықталған патша мазарларын қазып алған, соның ішінде әскери қолбасшы әрі У Дин императордың (б.з.д. 1250–1192 жылдары билік құрған) сүйікті әйелі болған Хао ханымның да жерлеу орны бар. Хао ханымның қабірханасы – Аньяндағы тоналмаған жалғыз шаңдық мазар. Қабірханадан жүздеген қола құмыралар, қоңыраулар, қару-жарақтар, нефриттен, піл сүйегінен, басқа да жануарлар сүйегінен, тастан жасалған неше түрлі бұйымдар шықты.

Қабірханадан қосымша он алты адам қаңқасының табылуы мемлекетте кең көлемде адамдарды құрбандыққа шалу дәстүрі болғанын дәлелдейтін мәліметтер қатарын көбейтеді. Шаң заманының діни сеніміне сай марқұм болған патша өмірін қабірханада жалғастырған. Сондықтан ақсүйектері, құлдары, күтушілері мен нақсүйерлерінен, сондай-ақ тұлпары мен басқа да жануарлардан құралған таңдаулы топты өзімен бірге әкету керек еді. Көп жағдайда құрбандыққа есепсіз тұтқындарды шалған. Олардың саны жүзден асып жығылған кездер де болған болар.

Ең ертесі У Дин заманынан бері Шаң мемлекетінде «құмалақ сүйектер» деген атпен белгілі жануарлардың мыңдаған сүйек сынықтарында жазбалар пайда бола бастайды. Шығыс Азия



халықтарының ата-бабаға сыйыну дәстүрінің түп тамыры – неолит дәуірінде жатыр. Адамдар (ер адамдар мен әйелдер) марқұмдардың рухына арнап құрбандық шалып, сый жасау арқылы ертеңгі күні олардың рақымы мен жебеп-демеуіне бөленеміз деп үміттенді.

Саяси және абыздық қызметті қатар алып жүрген Шаң патшалары ғұрыптық рәсімдер арқылы өз әулеттерінің ата-бабаларымен тілдесе алды. Рухтар патшаның жаңбыр, мол астық, соғыста жеңіс, дені сау ұл сияқты тілеген жалбарынышын тылсым күш иелерінің ең жоғарғысы Диге жеткізе алатын құдіретке ие деген түсінік болған. Ди көп жағдайда әулеттің негізін қалаған арғы атамен байланыстырылған. Патша құдайдың ниетін анықтау мақсатында және болашақты болжау үшін арнайы ұйымдастырылған рәсімнен кейін барып қана көпшілік алдында шешім қабылдайтын болған. Бал ашудың бір түрі ретінде, патша шаманның көмегімен тасбақа сауыты немесе сиырдың жауырын сүйегін олар сынып кеткенше дейін арнайы жолмен қыздыру арқылы ата-баба рухына немесе табиғи күштерге сұрақ қояды. Балгер осы сынықтарды «оқу» арқылы жауапты ашады.

Балгер – қауымның пікірінше, табиғи тылсым күштерге немесе жаратылыстарға қатысы бар, болашақты болжау, бақ-береке тілеу немесе адамды емдеп жазу үшін рухтар әлемімен байланысқа түсе алатын адам.

«Құмалақ сүйектер» – Қытай тарихындағы ең алғашқы жазба «құжаттар». Қыздырылған сауыт немесе сүйекті әбден талдаған балгерлер мағына мен дыбысты біріктірген таңбаларды пайдалана отырып, олардың бетіне сұрақтарын, түсіндірмелерін жазған. XX ғасыр ғалымдарының анықтауынша, бұл белгілер қазіргі Қытай жазбасының бастамасы болған. Бал ашатын сүйектердегі жазбаларды оқу арқылы тіл мамандары Шаң билеушілерінің есімдері мен қала атаулары жайлы біліп қана қоймай, діни әдет-ғұрыптар, соғыстар, ауылшаруашылығы және климатқа қатысты көптеген қосымша мәліметтерді анықтай алды.

## Қытайдағы алғашқы жазу

Шаң кезеңіне жататын бал ашатын сүйектердегі сызбалардан Шығыс Азияның алғашқы жазу жүйесін көреміз.

Солтүстік Қытайдағы жазу жүйесі батыстағы өркениеттердің бірде-біреуінің ықпалынсыз пайда болғанға ұқсайды. Мұндай қорытынды одан да терең сұрақтарды көтереді: б.з.д. үшінші және екінші мыңжылдықтарда орын алған Солтүстік Қытай мен батыста орналасқан жерлер арасындағы байланыстар Шығыс Азияда күрделі қоғамның орнауына қалай әсер етті? Шығыс-батыс бағытындағы қарым-қатынас Ішкі Еуразия арқылы жүрген тәрізді. Сауда заттары, әдіс-тәсілдердегі жаңашылдық, бидай немесе тағамдық өсімдіктер дәндері бір қауымнан екінші қауымға еш қиындықсыз берілуі ықтимал. Ал Шығыс Азия шаруалары өз беттерімен шошқаны, тауықты қолға үйретіп, тарының екі түрін жерсіндірген сияқты. Қола металлургиясы да осы аймақта басқалардан тыс дамыған көрінеді.

Ал тұт ағашының жапырағымен қоректенетін жібек құртын пайдалана отырып, жібек мата шығару (өндіру) технологиясы таза Қытайдың жетістігі екенінде ешкімнің күмәні жоқ. Бұл тұста айта кетерлік қызық дерек бар. Жібек жіптің Мысыр мумиясынан табылуы көпестердің Қытай жібегін б.з.д. 1000 жылдардың өзінде Ніл сияқты батыстағы шалғай өлкеге жеткізе алғанын дәлелдейді.

## Қорытынды бөлім

Біз бұл дәрісте Афроеуразияның мәдени тұрғыдан алуан түрлі бола бастаған мыңжылдық ішінде қауымдар арасындағы өзара қарым-қатынас, миграция, сауда, басқыншылық және мемлекет құру сияқты өзгерістермен қатар қарқынды дамып, алыс шалғайларға дейін жайылғанына көз жеткіздік.

Бұл қатарға тек Шаң әулеті тұсындағы Қытайды ғана жатқызуға болмайды. Себебі онда Месопотамия, Мысыр және Инд алқабындағыдай мәдени мазмұны терең әрі толысқан қоғамдарға ұқсас күрделі қоғамның жаңа орталығы қалыптаспады.



Хеттер, микендіктер және Окс қалаларының негізін салушылар тәрізді жаңа патшалықтар мен билеуші топтар аймақтың өнімділігі мен аймақаралық сауда-саттықты арттыру жолында ғасырлар бойы біраз шаруаларды атқарды. Сондай-ақ аграрлық қалалар мен жазиралар неғұрлым көбірек бой көтерген сайын, ақпараттың да бір жерден екінші жерге жету уақыты да соғұрлым қысқарды. Палеолит заманындағы қарым-қатынас қарқынымен салыстырғанда, адамды баурап алатын идеялар мен жаңалықтар жан-жағын шарпыған жалын тәрізді жылдам тарады. Мысалы, Еуразия мен Африканың солтүстігін қамтитын ендіктер бойындағы қоғамдар небәрі мың жылға жетер жетпес уақыт ішінде қола металлургиясының күрделі технологиясын игеріп алады. Ал әскери арбалар жайлы білім қоғамнан қоғамға, тіпті, одан да жылдам шабыспен жетті. Б.з.д. XIII ғасырға таман толығымен бірдей қалыптағы әскери арбалар Батыс Еуропа, Нубиялық Африка және Қытай сияқты бір-бірінен барынша алшақ жатқан жерлерде қолданысқа ие болды.

Адамзат қоғамының мәдени түрленуі мен өзара қарым-қатынастың одан әрі берік болуы сияқты қосарлана жүрген процесс тек Афроеуразия аймағына ғана тән бірегей өзгеріс емес еді. Дәл осындай процестер, әрине, оған ат салысқан халық саны тұрғысынан қарастырсақ, анағұрлым шағын деңгейде, Солтүстік және Оңтүстік Америкада, Аустралия мен Тынық мұхиты бассейнінде де жүрді.

### Сұрақтар

1. Еуропа, Орталық Азия және Шығыс Азиядағы даму беталыстарының ұқсастықтары мен айырмашылықтары қандай?
2. Ерте қалалық орталықтардың пайда болу себептері неде?
3. Қытайдағы Шаң мемлекетінің дамуына қандай факторлар әсер етті?